ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Ғұмарбек Дәукеев атындағы
**АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ**
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

050013, Алматы қ., Байтұрсынұлы к-сі,126/1
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
**АЛМАТИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ**
имени Гумарбека Даукеева
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

050013, г.Алматы, ул.Байтурсынулы,126/1
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz

**ХАТТАМА** **ПРОТОКОЛ**

«15» маусым 2023ж./г. № 13

**АЭжБУ түлектері қауымдастығы**
**Қамқоршылар кеңесінің отырысы** **Алматы қ.**

АЭжБУ Қамқоршылар кеңесінің төрағасы - Искаков Аскар Кежекович
Хатшы – Смагулова Галия Сериковна
Қатысқандар: 10 (он) адам (тізім қоса тіркеледі).

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Түлектер қауымдастығының Қамқоршылар кеңесінің 2022/23 оқу жылы мен жұмыс нәтижелері және 2023/24 оқу жылына арналған қор құру туралы.
   Баяндамашы – ҚК жауапты хатшысы, Г.С.Смагулова.
2. Әртүрлі.-

1. **ТЫНДАДЫ:** Галия Сериковна Смагулованы, АЭжБУ Қамқоршылар кеңесінің хатшысы (баяндама мәтіні қоса тіркеледі).
   **СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:** Аскар Кежекович Искаков, АЭжБУ Қамқоршылар кеңесінің Төрағасы (қысқаша жазба қоса тірккеледі)
   **ҚАУЛЫ ЕТКЕН:**
1. Жасалған жұмыс туралы есептемені мақұлдау, 2022/23 оқу жылына арналған Қордың қаражатын үйлестіру жөніндегі есептемені есепке алу.

2.**ТЫНДАДЫ:** Галия Сериковна Смагулованы, АЭжБУ Қамқоршылар кеңесінің хатшысы (баяндама мәтіні қоса тіркеледі).

АЭжБУ Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Аскар Кежекович Искаковтың атына Электр энергетика және электр техника институтының директоры Жубаныш Суйнуллаевич Абдимуратовтан ЭЭк-21-10 тобының 2-курс студенті Альбина Зиноллаевна Аргинбаеваға көпбалалы отбасынан шығуына байланысты 90 000

000705

теңге көлеміндегі біржолғы төлем есебіндегі материалдық көмек көрсету туралы қызметтік хат келіп түсті.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:** АЭжБУ Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Аскар Искаков Кежекович

**ҚАУЛЫ ЕТКЕНДЕР:** Түлектер Ассоциациясының қорынан ЭЭк-21-10 тобының 2-курс студенті Альбина Зиноллаевна Аргинбаеваға 90 000 (тоқсан мың) көлеміндегі қаражат бөлінсін.

**АЭжБУ Қамқоршылар кеңесінің төрағасы** **Искаков А.**

**АЭжБУ Қамқоршылар кеңесінің жауапты хатшысы** **Смагулова Г.**

**1 ҚОСЫМША**

Келесі мәселелер қарастырылған Қамқоршылар кеңесінің үш отырысы өткізілді:

**I. Келесі есептік кезеңге ақшалай қаражатты бөлу:**

1. АЭжБУ Қамқоршылар кеңесінің 2022 жылғы 12 қазанындағы № 11 хаттамасы отырысының шешіміне сәйкес келесі студенттерге атаулы шәкіртақылар төленді:
   1.1. Ғарыш техникасы және технологиялары мамандығының КТТк-21-2 тобының 2 -курс студенті Гулжан Жанғаликызы Жолдасбекке АЭИ түлегі, Жылу энергетикалық қондырғылар кафедрасының меңгерушісі, АЭжБУ профессоры Андрей Анатольевич Кибариннен 300 000 теңге көлеміндегі атаулы шәкіртақы;
   1.2. Электрэнергетика білім беру бағдарламасының ЭЭ-20-16 тобының 3-курс студенті Артур Буркутбайұлы Маханбетке АЭИ түлегі, Қамқоршылар кеңесінің мүшесі, төраға Оразбек Тельбайулы Бекбастан, «Қазэнергокәсіподақ» ҚБ-нан 300 000 теңге көлеміндегі атаулы шәкіртақы;
   1.3. «Автоматтандыру және басқару» білім беру бағдарламасының АУ(АИСУ)к-20-3 тобының 3-курс студенті Әділет Әзімбекұлы Қожатайға АЭИ түлегі, Қамқоршылар кеңесінің мүшесі, «Атырау Жарық» АҚ Басқарма Төрағасы Алтынбек Тулеугалиевич Каршегеновтен 300 000 теңге көлеміндегі атаулы шәкіртақы;
   1.4. Ақпараттық жүйелер мамандығының ИСк-21-3 тобының 2-курс студенті Жаннат Қанатқызы Қозыметке АЭИ түлегі, Қамқоршылар кеңесінің мүшесі, «Самрук-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасы Серик Суинбекович Тютебаевтан 300 000 теңге көлеміндегі атаулы шәкіртақы;
   1.5. Ақпараттық жүйелер мамандығының ИС(ИИС)-20-3 тобының 3-курс студенті Айдар Айдарович Тажиметовке АЭИ түлегі, Қамқоршылар кеңесінің мүшесі, «ҚазҒЗЖІЭнергоөнеркәсіп» Институты» АҚ бас директоры Жаймухан Максутович Медетовтан 300 000 теңге көлеміндегі атаулы шәкіртақы;
   1.6. Радиотехника, электроника және телебайланыс мамандығының РЭТ(МТС)к-19-2 тобының 4 курс студенті Аружан Байғаликызы Ерболатоваға АЭИ түлегі, Қамқоршылар кеңесінің мүшесі, жеке кәсіпкер Гульнар Батжановна Исабековнадан 300 000 теңге көлеміндегі атаулы шәкіртақы;
   1.7. Ақпараттық технологиялары институтының АҚЖ білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Әділ Дулатұлы Калиевке ректордың стратегиялық мәселелер жөніндегі кеңесшісі Серикбек Жусупбекович Даукейден 300 000 теңге көлеміндегі атаулы шәкіртақы;

1.8. Ақпараттық жүйелер мамандығының ИС(ITM)к-20-4 тобының 3-курс студенті Ерболат Бахтиярұлы Абдуалиге «Либерти Групп» ЖШС бас директоры Антон Олегович Комлевтен 300 000 теңге көлеміндегі атаулы шәкіракы;

1.9. «Автоматтандыру және басқару» білім беру бағдарламасының АУ (АИСУ)-20-13 тобының 3-курс студенті Сағынғали Жұмабекұлы Қадырғалиевке Булат Джантемирович Хисаров атындағы шәкіртақы, мерекелік шығарылым, Автоматтандыру және басқару кафедрасы түлектерінің атынан 350 000 теңге атаулы шәкіртақы;

**Атаулы шәкіртақы құрылтайшылары 8 адам болды.**

II.Әлеуметтік қолдау

2.1. АЭжБУ Қамқоршылар кеңесінің төрағасы А.К.Искаковтың атына Колледж директоры Малик Мамеджанович Аршидинов атынан келесі студенттерге оқу ақысын төлеуге материалдық көмек көрсету туралы қызметтік жазба келіп түсті:

2.1.1. Ақпараттық жүйелер мамандығының ақылы бөліміндегі КИСк-20-9 тобының 3-курс студенті, тағы екі кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыз басты әкенің ұлы Амиржан Русланулы Карлға **73 334 теңге** көлемінде;

2.1.2. Отбасында (16 жасқа дейін мүгедек балалар) 2009 жылғы мүгедек-бала – Айлана Канаткызы Ертай бар, есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыз ету бағдарламасының КВТп-22-9 тобының ақылы бөлімінің 1-курс студенті Нурхан Канатулы Ертайға **100 000 теңге көлемінде;**

Мәселе талқыланғаннан кейін **Кеңес ШЕШТІ:**

Түлектер Асоциациясының қорынан **73 334 теңге және 100 000 теңге тиісінше** бөлінсін. Қаулы басып шығарылды. Сәйкес сомма төленді.

2.2. АЭжБУ Қамқоршылар кеңесінің төрағасының атына Электр энергетика және электр техника Институтының директоры Жубаныш Суйнуллаевич Абдимуратовтан ҚР ҰҚК қызметкері болған, әкесі аға лейтенант М.Е.Халиевтың қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза болуына байланысты электр энергетикасы және электротехника Институтының ЭЭ-21-19 тобында грантта білім алатын 2-курс студенті Майди Мұхтарұлына айлық шәкіртақы есебіндегі материалдық көмек көрсету туралы қызметтік жазба келіп түсті.

Мәселе талқыланғаннан кейін **Кеңес ШЕШТІ:**

Мади Мұхтарұлына түлектер Ассоциациясының қорынан екінші жарты жылдыққа 150 000 теңге көлеміндегі атаулы шәкіртақы бекітілсін. Қаулы басып шығарылды. Сәйкес сомма төленді.

2.3. АЭжБУ Қамқоршылар кеңесінің төрағасының атына жылу энергетикасы және басқару жүйелері Институтының директоры Айнур Серикбаевна

Бегимбетовадан «Жылу энергетика» білім беру бағдарламасының ТЭук-22-1 тобының 1-курс студенті оқу ақысын төлейтін мүмкіндігі жоқ, әкесі – мүгедек болғандықтан (ата-ана өтініші қоса тіркелген) Кайсар Арыстангалиге оқу ақысын төлеу үшін 382 611 теңге көлемінде материалдық көмек көрсету туралы қызметтік жазба келіп түсті.
Мәселе талқыланғаннан кейін **Кеңес ШЕШТІ:**
Түлектер Ассоциациясының қорынан қаржы бөлінсін. Қаулы басып шығарылды. Сәйкес сомма төленді.

3.3. АЭжБУ Қамқоршылар кеңесінің төрағасының атына Электр энергетика және электр техника институтының директоры Жубаныш Суйнуллаевич Абдимуратовтан ЭЭк-21-10 тобының 2-курс студенті Альбина Зиноллаевна Аргинбаеваға оқу ақысын төлеу үшін 250 000 теңге көлемінде материалдық көмек көрсету туралы қызметтік жазба келіп түсті.

Альбина Зиноллаевна Аргинбаева ақылы түрде білім алатын, көпбалалы отбасы (бес бала) - әлеуметтік осал топ қатарынан, қазіргі таңда қаржылық қиындықтарға тап болып отырған студент.

Қазіргі уақытта ол Алматы қаласында оқуға және тұруға ақы төлеу үшін жұмыс пен оқуды бірге алып жүр .

А.З.Аргинбаева оқуда тек жақсы және өте жақсы деген көрсеткіштерді көрсетуде, GPA-3,36.
Мәселе талқыланғаннан кейін **Кеңес ШЕШТІ:**
Түлектер Ассоциациясының қорынан қаржы бөлінсін. Қаулы басып шығарылды. Сәйкес сомма төленді.

Қаржаттар қордағы заңды тұлғалардың мүшелік жарналарынан төленді: «Атырау Жарық» АҚ басқарма төрағасы Алтынбек Тулеугалиевич Каршегенов – 400 000теңге; «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Абай Ногаевич Асылов – 200 000 теңге; Жеке тұлғалар: «RIZA GLOBAL» ЖШС техникалық директоры Мади Шингисханович Агыбаев – 140 000 теңге; «ҚазҒЗЖІЭнергоөнеркәсіп» Институты» АҚ Астана қаласындағы үкімет басшысы – 200 000 теңге; ЖЭО 2 директоры – 100 000 теңге;

**Қауымдастық қорынан барлығы 3 705 945 теңге қаражат жұмсалды. Оның ішінде атаулы стипендияға - 2 900 000 және әлеуметтік қолдауға -805 945 теңге.**

Биылғы жылы біз қордың қаражатын өткен жылдан қалған қаражатты қоса есептегенде толық жұмсадық. Жаңа оқу жылына қарай жаңа қор құрамыз. Қазіргі уақытта бізде 21 жетім-студент қалды. (Тізімі қоса берілген).

III. АЭжБУ Қамқоршылар кеңесінің 2022 жылғы 12 қазанындағы № 11 хаттама шешіміне сәйкес Кеңестің жаңа мүшесі бекітілді:

Мухит Абикеевич Умбетовтың қайтыс болуы, қайғылы оқиғаға байланысты кеңестің жаңа мүшесі «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Абай Ногаевич Асылов сайланды.

**IV. Университеттің жаңа білім беру бағдарламаларын және кадрларды, серіктестерді Тапсырыс беруші кәсіпорындардың қатысуымен жетілдіру перспективаларын қарастыру.**

Институт директорлары АЭжБУ құзыретін жасанды интеллектте, ғарыштық инженерлікте және медицинада кеңейте алатын жаңа білім беру бағдарламаларын ұсынды.

**Қаулы етті:** Барлық білім беру бағдарламалары кіреді, сараптамадан өтеді, жетекші компаниялармен келіседі, бағдарламалар бітіруші кафедралардың отырыстарында талқыланады. Ақпарат назарға алынды.

**IV. АЭжБУ түлектерін кейіннен жұмысқа орналастырумен практикадан өткізу мақсатында кәсіпорындар мен ұйымдардың жас мамандарға қажеттілігін мониторингілеу.**

Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Руфина Ренатовна Мухамеджанова сөз сөйледі:

Ауқымы кең, сонымен қатар қызықты, кейбір жерде мәселелі сұрақ. Біз жұмыс берушілер мен біздің барлық түлектеріміз белсенді түрде қызмет істеп келе жатқан «Атамекен» ҰКПсын білеміз. Негізінен біздің түлектеріміз жұмыс жасатын жер, «Атамекен» ҰКП өз рейтингісінің сұрақтар жиынтығының бірінде көтерген мәселелерінің бірі - ЖОО түлектерінің мансап болашағы. Бұл энергетика, қазақтелеком және IT компаниялар. Егер Қазақстан ЖОО жалпы алғанда жұмыспен қамту көрсеткіші 78% болса, жұмыспен қамту бойынша біздің университет ұқсас көрсеткішке ие. БББ арқылы қарайтын болсақ, бәрінен жақсы IT мамандары жұмыспен қамтылады. Жұмыс берушілермен жұмыс жүргізген кезде негізгі мәселелер жұмыспен қамту болып табылады. Бұл жас мамандарға деген қызығушылықтың төмендеуі. Түлектер еңбек нарығының жай-күйі, стихиялық көші-қон туралы жеткілікті хабардар емес, жұмыс берушілердің сұраныстарына ЖОО БББ икемді әрекет ету тетігі жақсы реттелмеген. Енді түлек атанғанына қарамастан, жұмыс беруші жұмыс тәжірибесі бар, дайын, сапалы маманды қалайды – бұл ауқымды мәселе. Жұмыс беруші жұмыс тәжірибесі бар үміткерді сұрайды. Біз қалай әрекет жасаймыз, біздің университет бұл тұрғыда не істейді.

Біріншіден, бізде кәсіпорындар мен ұйымдар арасында ынтымақтастық туралы келісім-шарт сияқты мүмкіндік бар, яғни ұйымның өзі бізде өздеріне қажет

қызметкерлерді үшжақты Келісім-шарт аясында дайындай алады. Екіншіден, біз максималды жақсартылған практикалық, зертханалық база жасауға, олар өндіріс орнына барған кезде құралдарды бірінші рет көргендей болмас үшін солармен қалай жұмыс жасау керектігін білу, практикалық қабілеттерін жетілдіру үшін біздің университет базасында вендерлер зертханасын ашуға тырысудамыз. Қос тарапты оқыту ол да үлкен жәрдем, бізде бұл – АЛэС. Біздің студенттер іс-тәжірибеден өте отырып техник құжатын ала алды. Тағы бір механизм бұл Сертификат беретін MINOR қысқа білім беру бағдарламасы, тәмамдағаннан кейін студенттерге жұмысқа орналасуға керемет мүмкіндіктер береді, сондай-ақ бізде бос орындар Жәрмеңкесі өткізіледі.

Біздің ЖООда Мансап Орталығымен JOP TR деп аталатын тәжірибеге-тәжірибеге бағытталған экскурсиялар – тәжірибе ойластырылған, осы экскурсия аясында біздің магистранттар осыдан екі күн бұрын Байқоңырдағы ең алып құрылғы – Протонды ұшырудан оралған еді. Job trip экскурсиясы аясында өндіріске келесі кәсіпорындар барған болатын: Alageum, Beeline «Кар-Тел», Efes Kazakhstan зауыты, Saiman зауыты, Elkos, Kaspi Bank, Bank RBK, АлЭС (ЖЭО-1,2, Қапшағай СЭС), Қазақтелеком АҚ, Alina group және т.б.

«Биотехникалық және медициналық жүйелер мен аппараттар» БББ тоқталып кетсем. БББ іске қосқаннан-ақ, ОРДАМЕД компаниясының тәжірибе базасы бар жұмыс берушілерін тауып алдық. ББ бағдарламалары заманауи, біздің түлектерімізді қуана жұмысқа алатындығы және студенттер дағдыларын жетілдіру мақсатында жаңа зертханалар ашуға, құралдармен қамтамасыз етуге дайын екенін атап өткен ірі компания. Өнеркәсіптік секторды қамтитын зертханалар әкелінген болатын, бірақ жоспарланған жаңа зертханалар – ОРДАМЕД, МЕДРЕМЗАВОД, FESTA болады. Жабдықтар FESTA зертханасымен сатып алынды, осы жерде біз жеңіл және азық-түлік өндірісінің жиынтығын жабамыз. Егер бұрын біз техникалық тұрғыдан бейімделген болсақ, қазір жұмыс осылай жүргізілуде, өйткені Автоматтандыру және басқару кафедрасының көптеген түлектері азық-түлік өнеркәсібінде жұмыс істейді, мысалы, Маслодел, EFES және т. б. Жоба аясында SAIMAN АЭжБУ жазуы бар зияткерлік санауыш іске қосылды. SAIMAN санауышты шағаратын болады. Біз шоғырландыру аясында жобаны ұтып алдық, бұл да жарнама.

HUAWEI аясында біздің студенттер батыл, жеңімпаз болып шықты. Олар Қытайдағы әлемдік байқауға Қазақстан туының астында қатысады. Қазақстан ITнің элитасы екендеріңізді айтпасақ та сіздер әлдеқашан біздің жұмыскерлерсіздер, дейді HUAWEI өкілдері. Тәжірибе алмасу базасымен қамтамасыз еткені және тәжірибе алмасу аясында автоматты жабдықтар, шкафтарды жинау үшін Атырау қаласына іссапарға жіберіп, мұншалықты мықты болып шыққандары үшін RIZA GLOBAL компаниясына алғыс айтқым келіп отыр.

Сіздердің арқаларыңызда біздің студенттер дами алады, оларға өздеріңіздің компанияларыңыздың есіктерін ашқандарыңыз үшін алғыс білдіреміз, біз сапалы маман дайындауға тырысамыз. Біздің ЖОО білім ала отырып өз-өзін көрсетіп үлгеретін, ары қарай жақсы жұмысқа орналасатын студенттер өте көп. Бізде IT мамандары төртінші курстың өзінде-ақ жұмыспен қамтылады.

АЭжБУ Қамқоршылар кеңесі таңдап алған қамқорлығындағы студентке атаулы шәкіртақыны тіпті шығарылымға дейін төлем жасау сияқты өзіндік дәстүрі бар, бұл жақсы қолдау көрсету!

Біз осы жылы Радиотехника, электроника және телебайланыс мамандығының бір жетім-студенті Аружан Байғалиқызы Ерболатованы бітірткізіп жатырмыз, ол Гульнар Батжановна Исабекованың шәкірті, оны 2-курстан бастап алып жүрді. Өткен кезеңде 900 мың теңге төледі. Келесі жылы біз бірден 4 жетім-студентті бітірткіземіз (олар 4-курсқа өтті). Институттардың мәліметті бойынша жетім-студенттер саны - 22 адам болды.

Жалпы, Шәкіртақылы бағдарлама – түлектер Ассоциациясының стратегиялық бағдарламасы, оның мақсаты – таңдалған білім саласындағы ғылыми және мансаптық жетістіктерге бағыт алған студенттерді, магистранттарды қолдау. Түлектер Ассоциациясының шәкіртақысы жас кәсіпқой маман болуға, ғылыми-зерттеу қызметтің құндылығы мен нәтижелігін жоғарылатуға, ең мақсатты және талантты табуға көмек көрсетуге үндейді.

**КЕҢЕС ШЕШТІ:**

Атқарылған жұмыс туралы есеп мақұлдансын, 2022/23 оқу жылы үшін Қор қаражатын бөлу бойынша есеп қабылдансын.

Дауыс беру нәтижелері: жақтаған-10 адам, қарсы – жоқ, қалыс қалған – жоқ.

**2 ҚОСЫМША**

**Қ.Әртүрлі.**

АЭжБУ қамқоршылар Кеңесінің төрағасы Аскар Кежекович Искаков атына Электрэнергетика және электртехника институтының директоры Жубаныш Суйнуллаевич Абдимуратовтан ЭЭк-21-10 тобының 2-курс студенті Альбина Зиноллаевна Аргинбаеваға 90 000 теңге біржолғы төлем түрінде материалдық көмек көрсету туралы қызметтік жазба келіп түсті.

А.З.Аргинбаева оқуда тек жақсы және өте жақсы деген көрсеткіштерді көрсетуде, GPA-3,4. 2022-2023 жылының жазғы семестр нәтижелері бойынша мемлекеттік білім беру грантына ауысу үшін толық ақылы студенттердің

кандидатуралары қарастырылатын болады, 2-курстың толық ақылы студенттер саны қатарынан А.З.Аргинбаева GPA баллдар бойынша бірінші орында.

Мәселе талқыланғаннан кейін **Кеңес ШЕШТІ:**

Түлектер Ассоциациясының қорынан ЭЭк-21-10 тобының 2-курс студенті Альбина Зиноллаевна Аргинбаеваға 90 000 (тоқсан мың) теңге көлеміндегі қаражат бөлінсін.

Дауыс беру нәтижелері: жақтаған -10 адам, қарсы – жоқ, қалыс қалған – жоқ.